

# ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

№3 (565) 17 наурыз 2023 жыл

# Zaınǵalıt

2004 жылдың  
наурыз айынан шығады



ЖӨНГІР ХАН УНИВЕРСИТЕТИ

## Наурыз келді, жыл келді!

22 наурыз – қазақ халқының жаңа жылы. Бұл көне мереке ел тәуелсіздігімен бірге қайта жаңғырып, халқымыз асыға күтетін ұлттық мейрамымызға айналды. Біз әріптестерімізді сөзге тартып, Ұлыстың ұлы күнін жыл сайын қалай тойлайтындарын сұрап білген едік. Ендеше, сөз тізгіні айдарымыздың кезекті қонақтарында.



**Менсұлу СҰЛТАНОВА,**  
«Экономика және аудит» жоғары мектебінің доценті, э.ғ.к.:

– Біз бала кезімізден 14 наурызда құрт-құмырсқаға жан бітіп, табиғаттың оянатын күнінен бастап наурызды тойлауға кірісеміз. Бұл күні көрші-көлеммен амандық сұрасып, «қыстан есен шықтыңыздар ма?» деп көрісетінбіз. Әулеттің үлкендері жастарға бата беріп, шаке беруді бастайды. Соғымнан қалған

сүбені асып, ағайынды қонақ қыламыз. Яғни, бұл – біздің отбасымыздың қыстан аман шыққанына шүкіршілік етуі десек те болады. Көктемді отбасымызбен асыға күтеміз. Үйдегі сандықтарды ашып, киімдерімізді күн көзіне жайып, үйді тұзды сумен жуып-тазалауды – жанару мен қайта түлеу деп есептейміз. Анамыз жаңа төлдеген сиырдың ағы мен қыстан қалған сүр етті қосып, наурыз көжесін пісіреді. Оны жылдың басқа уақыттарында қанша ішкенмен, наурыздағыдай дәмді болмайды. Мейрам қарсаңында тағам пісіріп болған қазанның түбіне бірнеше қасық май құйып, тілек тілеп, қақпағын жауып, келесі наурызға дейін шоланға сақтап қоятынбыз. Мұны ата-бабамыздан қалған жөн-жоралғы ретінде жылма-жыл естен шығармауға тырысамыз. Бұның астарында «жыл бойы қазанымыз босамасын, осы жылы тоқшылық болсын» деген мән жатыр.

Отбасымызбен ұлттық киімді ай біткенше киіп жүреміз. Мұның барлығы наурыздың ұлттық мейрам, жаңа жыл екендігін ұрпағымыздың бойына сіңіру үшін, олар да келесі буынға осы әдет-ғұрыптарды жеткізсін деген ниетпен жасалады.



**Кенжесұлу КУПЛЕУОВА,**  
«Электротехника және автоматика» жоғары мектебінің аға оқытушысы:

– Наурыз – ежелден қазақ салт-дәстүрінде ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, тойланып келе жатқан мейрам. «Наурыз – береке-бірліктің, теңдіктің, жақсы тілеудің, қайта түлеудің мерекесі» деп, танымал ақын, қоғам қайраткері М.Шаханов айтқандай, мен үшін де бұл мерекенің маңыздылығы жоғары. Осы мереке қарсаңында ең алдымен үлкен-кішілі ағайын-туыспен бас қосып, егер ренжісіп жүрген жандар болса, бір-біріне өкпесін кешіріп, қол алысып құшақтасып, тағамдарын дайындап, «Наурыз көже» пісіріп, мол дастархан жаяды. Мен ес білгелі, Наурыз мейрамы дәстүр бойынша көрісу күнінен басталатын. «Амансың ба? Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Қайда барса, жол болсын!», «Ұлыс бақты болсын! Төрт түлік ақты болсын! Ұлыс береке берсін! Бәле-жала жерге кірсін» деп, бір-біріне тек жақсылық тілейтін. Өлілерге дұға етіп, тірілерге берекет сұрайтын ерекше мейрам. Бұл мейрамды ауылда жүргенде жанұямен, ағайын-тумамен, мектеп қабырғасында достарыммен қарсы алсам, қазіргі таңда жыл сайын әріптестермен ерекше атап өтеміз.

Менің ойымша, бүгінде елімізде де

Ұлыстың ұлы күні өз деңгейінде тойланып жүр. Егемендігімізді алғанымызға бар болғаны жиырма жыл өтсе де, Наурыз мерекесімен қазақ екенімізді таныттық. Ақ шаңқан киіз үйлер тіктік, үстімізге шапан кидік, әлі де бұл мерекені ұмыттырмауға дем беріп жүрміз. Сондықтан Тәуелсіздік пен Наурыз – қазақ халқы үшін ең ұлық мереке болуы керек. Біз ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығындай дәріптеп, қадірлеуіміз керек.

**Ғали ОЖАНОВ,**

«Орман, жер және су ресурстарын басқару» жоғары мектебінің доценті, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты:

– Өзіміз қазақ халқының перзенті болғандықтан, қазақы тәрбие көргендіктен, Наурыз мейрамын ерекше қарсылаймыз. Күні кеше 14 наурызда «Көрісу айт» күнін мерекелеп, осы көңіл күйі 22 наурызға дейін жалғасады. Ұлттық салт-дәстүрлерімізді жаңғыртамыз, ұмытылып бара жатқан әдет-ғұрпымызды кейінгі жастарға насихаттаймыз. Сонымен қатар көктемнің алғашқы айы – наурыздың мен үшін де маңызы зор. Себебі бұл айда жеке мереке – туған күнімді атап өтіп, жаңа жасқа толамын. Отбасы-



мызда осындай мерекелерді қарсылап, наурыз айын думанды маусымға айналдырамыз.



**Сәбит ЖАРЫЛҒАПОВ,**  
«Құрылыс және құрылыс материалдары» жоғары мектебі жетекшісінің міндетін уақытша атқарушы, PhD докторы:

– Әр мейрамның өзіндік сипаты бар. Соның ішінде Наурыз мерекесінің мен үшін орны ерекше. 1 наурыз – алғыс

айту күнінен бастап, бала күнімізден ес білгелі аталып өтілетін 14 наурыз күнгі «Көрісу айты», одан кейін күн мен түннің теңелуіне тұспа-тұс келетін 22 наурыз – жаңа жыл мерекесін тойлау қазіргі кезде жалпыхалықтық сипат алып келеді.


Жыл сайын бұл мерекелерді жанұямызбен атап өтеміз. Бірінші ағайын-тумаларымызға барып алғыс айтып, көрісеміз. Одан кейін «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дегендей, үйдегі әкеме арнайы келіп көрісетін тума-туысты, достарымызды жұбайым әзірлеген наурыз көжемен құшақ жая қарсы аламыз. Осындай басқосуларда балаларымызға халқымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын түсіндіріп отырамыз. Ұлттық киімдерімізді киіп, ұлттық аспаптарда ойнап, қазақша ән шырқау да – отбасылық дәстүрімізде бар. Жалпы мұндай игі дәстүрлерді балалық шақтан бері өз отбасым, мектептегі ұстаздарымыз бойымызға сіңірді. Демек, әр қазақ шаңырағында ұлттық мерекелер ұлықталуы тиіс!

**Ербол СЕНГАЛИЕВ,**

«Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының аға оқытушысы, ветеринария ғылымдарының кандидаты:

– Ұлыстың Ұлы күнін айрықша тойлау – біздің салт-дәстүрімізге айналды. Біз үшін бұл – тек күн мен түн теңелетін жыл басы емес. Бұл – бірліктің, достықтың, татулықтың, мейірімділіктің мерекесі деп білемін.

Бала кезімізде Наурыз мейрамында жаңа, әдемі киімдерімізді киіп, ауылдың үлкендеріне амандасуға баратынбыз. Сол үйден тәтті бауырсақ, наурыз көже ішіп, ұлттық ойындар ойнау үшін алаңға асығамыз. Ол жердегі киіз үйге кіріп, дәм ауыз тиюге таласатынбыз. Алтыбақанға кезекке тұрып, маз болып қайтатын едік.



Қазір Наурыз мерекесін жұмыста да киіз үй тігіп, ұлттық тағамдардан дастархан жайып, барша халықпен және әріптестермен, білім алушылармен атап өту дәстүрге айналды.



# МОИ ВОСПОМИНАНИЯ О СОРАТНИКАХ, КОЛЛЕГАХ

(Штрихи к портрету Бозымова К.К. - Ученый, педагог - энергия и трудолюбие !)

**Вспоминая историю развития университета хотел бы сделать акцент на тех личностях, которые внесли определенный вклад в развитие университета. Одним из таких личностей является Бозымов Казыбай Караевич.**



«Не зная прошлого, невозможно понять подлинный смысл настоящего и цели будущего» - говорил Максим Горький. Поэтому мое краткое повествование о коллеге, ученом Казыбае Караевиче направлено для того, чтобы наши современники и потомки знали о своих учителях и наставниках, отдавших и продолжающих отдавать свои знания и опыт благородному делу воспитания и обучения молодежи.

Вернемся в прошлое столетие, 1971 год июль месяц. Сразу после демобилизации приехал я поступать в сельскохозяйственный институт в городе Уральск. Первый корпус сельскохозяйственного института находился на проспекте (Ленина, ныне Достык - Дружба) в нынешнем здании педагогического колледжа. Возле корпуса встретил молодого человека в военной форме, где на кителе у него светилась медаль за воинскую доблесть, я тоже был в военной форме, познакомились, им оказался Казыбай Бозымов. Напротив корпуса сквер (раньше он был огорожен и носил имя В.И.Чапаева), ходили по скверу, познакомились поближе и так мы узнали друг о друге. Так состоялось мое первое знакомство с К.К.Бозымовым в июле 1971 года и с тех пор прошло 52 года.

Родился Казыбай Караевич 16 февраля 1949 года в Аральском районе Кызыл-Ординской области. Наше поколение не баловали, цену хлеба знали с детства, так как с детства познавали труд. Так 15 летним подростком приехал Казыбай Караевич в Уральск и свой трудовой путь начал в 1964 году в локомотивном депо станции Уральск, затем служба в армии.

Студенческие годы пролетели быстро. Учился Казыбай Караевич на отлично, с первого курса был избран старостой курса.

Согласно учебной программы занятия на всех курсах в то время в институте начинались с первого октября. Студенты всех факультетов в разрезе своих специальностей принимали участие во всех сельскохозяйственных мероприятиях (работах) аграрного сектора области.

Нас, как будущих зоотехников направляли на сакман, бонитировку, стрижку,

купку овец, искусственное осеменение сельскохозяйственных животных. Участвовали на уборке урожая, днем учились, а ночью работали на мясокомбинате. Это по плечу только молодым, рядом были наши наставники - педагоги. На факультете ребята в основном учились с производственным стажем работы, после армии. Для получения соответствующего знания и производственных навыков в институте создавались все по тем временам условия. Учились все мы в городе в четырех приспособленных помещениях. Сегодняшний наш городок с начала 70-х годов прошлого столетия согласно генерального плана начал расстраиваться.

Будучи студентом Казыбай Караевич в каникулярные периоды выезжал в районы, области командиром студенческих строительных отрядов. Приобщенный к труду с детства, армейская закалка, целеустремленность позволили с отличием завершить учебу и по распределению был оставлен на работу в институте.

После окончания учебы Казыбай Караевич начал трудовую деятельность секретарем комитета комсомола института, преподавал на кафедре, затем аспирантура, был деканом факультета, парткомом факультета и института, 11 лет первый проректор и начиная с осени 2002 года по 16 февраля 2014 года был ректором университета.

Как в спорте говорят «играющий тренер» Казыбай Караевич сочетал административную работу с педагогической и научно-исследовательской работой. Это можно сказать словами великого Абая:

«И сам учись и учи,  
Лишь знаньем жив человек,  
Лишь знаньем движется век».

Казыбай Караевич создал свою науч-

ную школу. Под его руководством были защищены докторские, кандидатские и магистерские диссертации. Является автором более 300 научных трудов, монографий, учебников и учебных пособий, рекомендаций, патентов. Являлся руководителем Научно-технических программ по мясному скотоводству, председателем диссертационного совета по защите докторских диссертаций.

Как ученый Казыбай Караевич внес неоценимый вклад в развитие мясного скотоводства области и в целом республики. Будучи студентом его дипломная работа, затем кандидатская и докторская диссертация были связаны с развитием мясного скотоводства.

Многолетний труд ученого увенчался успехом. Комитетом по правам интеллектуальной собственности Министерства юстиции Республики Казахстан К.К.Бозымову в 2010 году выдано авторское свидетельство на селекционное достижение в животноводстве, за создание: Западно-Казахстанского зонального типа животных казахской белоголовой породы крупного рогатого скота; двух заводских линий животных казахской

ситета насчитывалось более 7,5 тысяч овец, а это требование племенного завода... и это все ушло в историю.

Большой багаж практических знаний и опыт работы в высшей школе позволили раскрыться таланту как руководителя и организатора. В период работы ректором построены и сданы в эксплуатацию два жилых дома для преподавателей, студенческий дом, корпус машиностроительного факультета, здание научно-исследовательского института, ветеринарная клиника, автономные котельные, оснащение научно-исследовательского института, лаборатории современными приборами и оборудованием.

Работая ректором университета, Казыбай Караевич всегда находил время для встречи со студенческой молодежью, выполнял и сегодня продолжает выполнять большую общественную работу, являясь председателем Совета ветеранов университета. Являясь депутатом областного маслихата нескольких созывов, Казыбай Караевич внес значительный вклад в развитие экономики области.

Как говорят в народе «сегіз қырлы бір сырлы» Казыбай Караевич разно-



белоголовой породы крупного рогатого скота Майлана 13851 и Коппертона 150 к; а в 2013 году на «Шагатайский» и «Анкатинский» заводские типы комольных животных казахской белоголовой породы крупного рогатого скота.

В конце 90-х годов после утверждения акжайкской мясо-шерстной породы овец, одним из авторов которой являюсь я, руководитель племенного хозяйства в Таскалинском районе принял решение ликвидировать созданную породу и отправить на мясокомбинат оставшиеся последние 200 голов баранов-производителей и несколько сот овцематок.

Возник вопрос о существовании акжайкских мясо-шерстных овец. И здесь была огромная заслуга в сохранении породы овец в то время ректора Западно-Казахстанского аграрно-технического университета Бозымова Казыбая Караевича. Он при первой же возможности остановил процесс.

Стали вести секционную работу, накапливать овец желательного типа и в 2010 году с увеличением и созданием общего стада были восстановлены и апробированы новый внутривидовой заводской тип и три заводские линии, где Казыбай Караевич принял активное участие уже как ученый, как селекционер. И когда передавал университет другому ректору, на балансе универ-

сторонняя личность, любит музыку и лошадей.

Дар общения, отзывчивость, простота, эрудиция, невероятная энергетика, привлекают к нему самых разных людей. С ним хочется общаться, дружить. Он умеет быть смелым, идти «против течения», умеет находить неординарные решения трудных проблем, умеет добиваться цели, рисковать, работать с полной отдачей, ценить прекрасные мгновения, которые дарит жизнь.

За достижения и заслуги Казыбай Караевич Бозымов награжден Правительственными наградами: Орденом «Курмет», медалями «За воинскую доблесть», «10 лет Независимости Республики Казахстан», «10 лет Астане», «20 лет независимости Республики Казахстан», а также Почетными грамотами, нагрудными знаками Министерств Республики Казахстан.

Друзей бывших не бывает,  
Они всегда с нами в строю,  
Их дело часто вдохновляет,  
Как маяки горят в пути,  
И направляют молодежи,  
Освещая им дорогу,  
Чтоб жизнь достойную найти.

**Б.Б.ТРАЙСОВ,**  
доктор сельскохозяйственных наук,  
профессор, академик КазНАЕН,  
Каз АСХН.







## Еңбегі елеулі ғалым

Ел болашағы үшін саналы тәрбие мен сапалы білім беріп, қажыр-қайратымен еңбек етіп келе жатқан «Агротехнология институтының» доценті, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, әріптесіміз Ғали Ожанов ердің жасы 50-ге толып отыр.

Ғали Сәттібайұлы 1973 жылдың 19 наурызында Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылында дүниеге келген. 1990 жылы Жарқамыс орта мектебін аяқтағаннан кейін, сол жылы бұрынғы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының «Агрономия» мамандығына оқуға түсіп, 1994 жылы тәмамдаған. Ғылыми-педагогикалық еңбек жолын 1995 жылдан сол кездегі «Агрономия» факультетінің «Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» кафедрасында оқытушы ретінде бастаған. 1995 жылы іштей аспирантураға оқуға түсіп, 1995-2000 жылдар аралығында аталған кафедрада қатардағы оқытушы, аға оқытушы болып жұмысын жалғастырады.

Ғали Сәттібайұлы 1999 жылы Алматы қаласындағы қазақтың В.Р.Вильямс атындағы егіншілік ғылыми-зерттеу институтында диссертациялық жұмысын ойдағыдай қорғап, институттағы жұмысына «Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты» болып қайта оралады.

Қазіргі Жәңгір хан университетінің кәсіби мамандар даярлаудағы жұмыс барысы әр кез даму үстінде болғаны сөзсіз. 2000 жылы Ғали Сәттібайұлы «Агрономия» факультетінде ашылған «Стандартау және сертификақтау» кафедрасында аға оқытушы болып жұмыс жасап, 2003 жылы сол кафедраның доценті лауазымын иеленеді.



2011 жылы ғалым Политехникалық факультетке «Жерге орналастыру және механикаландыру технологиялары» кафедрасына жұмысын ауыстырады. 2016 жылы қайтадан «Жерге орналастыру» және «Кадастр» мамандықтарын Агротехнология факультетіне ауыстырғаннан бері ғалым-ұстаз «Агротехнология» институтының «Орман, жер және су ресурстарын басқару» жоғары мектебінің доценті болып еңбек етіп жүр.

Университетте еңбек ете жүріп, 2002 жылдан бері Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық аграрлық университетінде, Ресейдегі Н.И.Вавилов атындағы Саратов мемлекеттік аграрлық университетінде және Орал қаласындағы басқа да университеттерде біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, заман талабына сай білімін толықтырды. Болашаққа

білімді де, білікті мамандар керек екенін түсінген Ғали Сәттібайұлы 10-ға жуық магистрантқа ғылыми жетекшілік етіп, магистрлер қатарын дайындап шығарды.

Сонымен қатар ғылым жолында да өз қолтаңбасы бар ғалым қазіргі уақытта 2021-2023 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешені саласындағы қолданбалы зерттеулер аясында «Жайылымдарды қалпына келтіру және ұтымды пайдаланудың жаңа технологияларын жасақтау» бағдарламалық мақсатын қаржыландыру жобасы бойынша аға ғылыми қызметкер ретінде зерттеу жұмысын жүргізуде.

Кейіпкеріміздің еңбек жолынан сыр шерте отырып, оның білім мен ғылым саласындағы сатылы өмір жолына қатысты деректер таңдандырмай қоймады. Осы уақыт аралығында диссертациялық еңбектерін, ғылыми

жобалары мен мақалаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік жұмыстарын, патенттерін қосқанда жалпы 80-нен астам ғылыми еңбек жариялаған екен.

Еңбегі елеусіз қалмаған Ғали Сәттібайұлы мінсіз қызметі үшін Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ректорының мақтау грамотасымен және «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін» ҚР Білім және ғылым министрлігінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Әріптесімізді мерейлі 50 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, шаңырағыңызға береке-бірлік, ұрпақ тәрбиелеу жолындағы еңбеңізге толағай табыстар тілейміз.

**Асхат БЕКҚАЛИЕВ,**  
«Орман, жер және су ресурстарын басқару» жоғары мектебі доцентінің м.а.



## «IT аруы»



Халықаралық әйелдер күніне орай «Ақпараттық технологиялар» жоғары мектебінде бойжеткендер байқауы өтті.

«Қыз өссе – елдің көркі» деген дана халқымыз қыз баланы ерекше құрметтеп, әрқашан төрден орын берген. Аруларымыз қашан да сұлулығымен, даналығымен ғана емес, ерлігімен, қайсарлығымен де дараланған.

8 наурыз мерекесіне орай өткізілген сайыста аруларымыздың сұлулығы мен даналылығы дәріптеліп, олардың бойына шыншылдық, имандылық, отансүйіштік, мейірімділік сияқты асыл қасиеттерді дарыту мақсаты көзделді.

Сайысқа әрбір курстан бір білім алушы қыз бала қатысып, өз топтарының намысын қорғады. Үміткерлер өздерін өлең

жолдары арқылы таныстырып, ән айтып, би билеп, дәмді тамақтар дайындап, өз өнерлерін көрсетті. Дәстүрге сай зияткерлік сұрақтарға жауап беріп, әлеуметтік желіні жүргізу технологияларын заманға сай қолдана алатындықтарын шебер көрсетті. Мерекеге сай әндер орындалып, шара қызықты өтті.

Шара соңында жоғары мектеп жетекшісі, PhD докторы, доцент міндетін атқарушы Идеят Мәлсұлы Бапиев аруларды құттықтап, «Smart ару», «Инста ару», «IT аруы» номинациялармен марапаттады.

Бұл шара болашақта да жалғасып, «IT аруы» байқауы жоғары мектептің негізгі дәстүріне айналады деген сенімдемін.

**Анарғұл БЕКЕНОВА,**  
«Ақпараттық технологиялар» жоғары мектебінің тәлімгері

## Знания в книге

Талант является наиболее ценным, чем деньги, поскольку его нельзя потерять или украсть  
**Наполеон Хилл**

В составе высшей школы «Экономика и аудита» активно работает «Бизнес школа», которая занимается вопросами консультирования, обучения, подготовки и реализации студентами бизнес планов и проектов.

Поэтому, в целях улучшения качества высшего образования и подготовки студентами бизнес планов в Информационно-образовательном центре «Парасат» с 27 февраля по 3 марта библиографом Ш.Я.Сарсенгалиевой и старшим библиотекарем читального зала Г.К.Хусаиновой была хорошо организована выставка отечественной и зарубежной литературы.

На выставке были продемонстрированы полезные книги и учебные пособия,

периодические журналы и электронные издания по взаимосвязанным экономическим дисциплинам «Бизнес планирование» и «Академическое письмо».

В итоге, более 100 студентов II и III курса различных специальностей университета посетили выставку отечественной и зарубежной литературы, получили исчерпывающую информацию по актуальным вопросам, касающимся правильного бизнес планирования и эффективного ведения предпринимательской деятельности.

**Берик ХУСАИНОВ,**  
ведущий специалист бизнес школы,  
доцент высшей школы  
«Экономика и аудит»







# Академическая мобильность - важный компонент высшего образования

Современные интеграционные процессы, происходящие во всем мировом обществе, существенно влияют на систему высшего образования. На данный момент формируется единое образовательное пространство, которое выражается прежде всего в гармонизации образовательных подходов, стандартов, учебных планов в университетах разных стран мира. Это связано с формированием единого ранга труда, развитием трудовой и академической мобильности.

Основная цель мобильности, предоставить студенту возможность получить образование по выбранному направлению подготовки, обеспечить ему доступ в признанные центры знаний, где формируются ведущие научные школы, развить познания

## Основные преимущества академической мобильности




Рис.1 – Основные преимущества академической мобильности

студента в различных областях. Вследствие этого у студентов появляется возможность выбора индивидуальной образовательной траектории, для университета формируются новые условия эффективной конкуренции и взаимодействия, облегчает возможность трудоустройства квалифицированных кадров.

Таким образом, академическая мобильность обучающихся является одним из приоритетных направлений деятельности ЗКАТУ имени Жангир хана, способствующая улучшению качества образования, повышению эффективности научных исследований, установлению внешних и внутренних интеграционных связей.

В институте экономики, информационных систем и профессионального образования активно ведется работа в этом направлении.

Если в 2021-2022 учебном году изъявили желание участвовать во внешней академической мобильности 12 студентов, в во внутренней мобильности – 8 студентов, то в 2022-2023 учебном



году количество студентов составило по внешней академической мобильности – 16 студентов, по

внутренней – 23 студента. Из них, за прошлый учебный год во внешней академической мобильности участвовало 5 студентов. Это Султан Сибатагов, Мирас Килау, Гаухар Тлек, Данияра Галиева и Данагуль Жаксыгереева. Все они прошли обучение в Лодзинском университете, в Польше. А также во внутренней академической мобильности (Актюбинский региональный государственный университет имени Жубанова) участвовало 2 студента. В этом 2022-2023 учебном году по программе академической мобильности участвуют 12

студентов института. Из них в данный момент в Польше, Лодзинском университете проходят обучение по направлению Финансы – Диана Байарстанова и по направлению информационных систем – Сагидуллаев Рузем, и по внутренней мобильности проходят обучение 8 студентов по следующим направлениям: Финансы, Аудит и налогообложение, Менеджмент и Начальная военная подготовка. Обучение они проходят в ведущих университетах таких как, Алматинский технологический университет, Южно-Казахстанский государственный университет имени М.Ауэзова и Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова.

И двое студентов прошли обучение в Алматинском технологическом университете в первом семестре этого учебного года. Среди студентов участвовавших в программе академической мобильности было проведено анкетирование. Вопросы анкеты были составлены с целью выявления роли академической

мобильности в повышении конкурентоспособности студентов. Так, ответы респондентов на вопрос «По вашему мнению, каковы основные преимущества

академической мобильности?», представлены на рисунке 1. Большая часть опрошенных по институту обучающихся отметили такие преимущества академической мобильности, как получение принципиально новых знаний, языковая практика, культурный обмен, а также улучшение навыков коммуникации и ответственности. Тем самым большая часть студентов

отметила, что в ходе академической мобильности приобрела новые профессиональные компетенции, а также навыки межкультурного общения.

На рисунке 2 представлены мнения обучающихся о возможностях которые им дала академическая мобильность. Анализ ключевых компетенций, формируемых в процессе академической мобильности, показывает, что удалось углубить имеющиеся знания и приобрести новые, а также преодолеть языковой барьер. Последнее является одним из слабых моментов в изучении иностранного языка. Так, наличие значительного запаса слов позволяет переводить тексты. При этом слабые навыки устного общения вызывают затруднения в общении с зарубежными

студентами и преподавателями. Между тем, академическая мобильность способствует снятию этого барьера. На вопрос какие меры необходимы для повышения эффективности академической мобильности в университете

представлены на рисунке 1.

Увеличение сроков академической мобильности 5%




Рис.3 – Меры необходимые для повышения эффективности академической мобильности

студентами и преподавателями. Между тем, академическая мобильность способствует снятию этого барьера.

На вопрос какие меры необходимы для повышения эффективности академической мобильности в университете ответили следующим образом. Представлено на рисунке 3. Подписав Болонскую декларацию и став полноправным участником Болонского процесса, Казахстан поставил перед собой цель по реализации их основных требований. Одним из главных требований Болонского процесса является содействие развитию академической мобильности. В целом, проведенное исследование позволило сформулировать следующие выводы, что академическая мобильность позволяет повысить конкурентоспособность системы высшего образования в целом, образовательных учреждений, а именно университетов. К положительным результатам академической мобильности относятся:

студентами и преподавателями. Между тем, академическая мобильность способствует снятию этого барьера.

На вопрос какие меры необходимы для повышения эффективности академической мобильности в университете обучающиеся ответили следующим образом. Представлено на рисунке 3.

Подписав Болонскую декларацию и став полноправным участником Болонского процесса, Казахстан поставил перед собой цель по реализации их основных требований. Одним из главных требований Болонского процесса является содействие развитию академической мобильности. В целом, проведенное исследование позволило сформулировать следующие выводы, что академическая мобильность позволяет повысить конкурентоспособность системы высшего образования в целом, образовательных учреждений, а именно университетов. К положительным результатам академической мобильности относятся:

- повышение качества получаемых знаний;  
- приобретение новых навыков;

- адаптация к другой социальной-культурной среде;  
- повышение профессиональных навыков;  
- Повышение привлекательности отечественного образования.

В заключении хотелось бы отметить тот факт, что академическая мобильность обучающихся является очевидным и обязательным условием повышения эффективности высшего профессионального образования и повышает доступность и качество образования и является важным инструментом формирования образовательной среды и обеспечения мобильности человеческих ресурсов.

**Алия ДОСАНОВА,**  
старший преподаватель  
ВШ «Экономики и аудит»

### Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры  
**Ләззат ҚАЖЫМОВА**  
Компьютерде беттеуші және дизайнер  
**Қайрат ИСИМОВ**

Бас маман  
**Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ**  
«Заңғар» газетінің маманы  
**Ләззат ҚАНАТОВА**

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады. Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 565 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

### Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42  
info\_zkatu@mail.ru